

*Қ. Р. Түсіпбеков, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторанты,
полиция майоры (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Кейінгі кездері барша әлемде дерлік дінді жамылған экстремистік және террористік идеологияны тарату үдерісі ауқымды сипатқа ие болып келеді. Қазақстан ішкі саяси ахуалдағы өзгерістерге, оның ішінде Орта Азия әңіріне географиялық тұрғыда жақын орналасқан Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа байланысты геосаяси жағдайдың әсерінен халықаралық терроризмге қарсы күресудің негізгі бағыттарының біріне тап болды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы қоғамның терроризм қатерінен қауіпсіздігін қамтама-сыз ету шараларының жүйесін әзірледі, оның тиімділігі біртіндеп артып келеді.

Сонымен қатар, қабылданып жатқан шараларға қармастан, экстремистік және террористік әрекеттер жыл сайын ұйымдасқан болып барады және сыртқы күштердің әсерінен осындай топтардың құрамына жаңа адамдар тартылуда.

Соның ішінде, діни риториканы жамылатын халықаралық экстремистік және террористік ұйымдар Қазақстан қоғамында радикалдық кәзқарастар мен пікірлер қалыптастыруға тыры-суда1.

ІІМ-нің деректері бойынша Қазақстанда бас бостандығынан айыру орындарында экстремизм мен терроризм үшін сотталған бірнеше жүздеген адамдар отыр. Бұл ретте түрмелерде бүлдіргіш идеологияны тарату еркіндікке қарағанда жылдам жүргізілуде. Террористік ұйым-дардың әкілдері ол жерлерде оз топтарын ұйымдастырып, дәстүрлі қылмыстық ортамен та-бысты бәсекелестікті бастаған.

Жаңа мүшелерді таңдап алудың әте ыңғайлы жүйесін құрып алған олар өз идеологиясын бірізді жүргізуде. Бұл ретте олар кәптеген тәсілдерді пайдаланады және кез келген мемлекет-те орын алатын әлеуметтік-экономикалық проблемаларды қолданады2.

Ресей Федерациясының мамандары да өз зерттеулерінде осындай проблеманы атайды, қазіргі ахуалды талдау қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде сотталғандардың ортасында радикалдық ислам идеологиясының таралуы үшін жағдайдың сақталғандығын куәлан-дырады. Оны қолданушылар мен таратушылардың арасында террористік және діни-экстремистік құрылымдарға қатысушы сотталғандардан басқа жалпы қылмыстар үшін сотталған адамдар санының артуы байқалады.

Әкінішке орай, сотталған экстремистерге бақылау жасау бойынша қолданылып жатқан шараларға қарамастан, пенитенциарлық мекемелер діни-экстремистік идеологияны тарату және ықтимал террористерді тарту үшін қолайлы орта болып қалуда.

Түзету мекемелерінде жазасын әтеп жүрген радикалдық ислам идеологиясын ұстанушылар экстремистік топтарға бірігуге тырысады3.

Бас бостандығынан айыру орындарында экстремистік топтарды құру фактілері Ресейдің 20 әңірінен анықталды. Салыстырма үшін 2007—2008 жылдары осындай діни-экстремистік топтардың кәп дегенде бесеуі ашылған болатын. Мұндай топтардың жетекшілері сотталған-дардың бейресми иерархиясындағы өз мәртебесін нығайту, арнайы контингент арасында эк-стремистік кәзқарастарды насихаттау және жаңа жақтаушыларды тарту үшін исламды бел-сенді түрде қолданады.

Осы мақсатта түзету мекемелеріне үгіт-насихат материалдары, оның ішінде заңда белгіленген тәртіпте экстремистік деп танылған материалдар жеткізіліп отырады. Бірқатар жағдайларда аталған топ жетекшілерінің ұрыларға тән атақтарды беруі арқылы діни-экстремис-тік топтар мен криминалдық қоғамдастықтардың тұтасуы атап кәрсетіледі3. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің деректеріне сәйкес экстремизм мен терроризм үшін

жауаптылыққа тартылған адамдардың 80 %-ға жуығы 19 бен 28 жас аралығындағы адамдар болып табылады. Демек, бұл әмірлік бағдарлары, принциптері әлі жеткілікті деңгейде қалып-таспаған және, қарапайым тілмен айтқанда, оңай естен жаңылдыруға болатын адамдар тобы. Біз экстремистік идеологияның адамдардың санасын қаншалықты жылдам жаулап алатыны-на жиі таңқалып жатамыз. Бір қарағанда, есі дұрыс адам тәрізді болады, бір-екі жыл өткен соң оны тану мүмкін болмай қалады. Егер сіз БАҚ-тан жақында болған бұзақылықта қырылған адамдар туралы кәрген болсаңыз, тіпті олардың туыскандары, ата-аналары бұл үдерісті, яғни олардың қарапайым діндар адамдардан экстремистік идеологияны ұстанушы адамдарға айналғанын байқамаған болып шығады². Осы мәселе бойынша К. С. Лақбаев атап өткендей, мемлекет және қоғам осы жаңа мүшелерді тандап алудың құрылған жүйесіне қарсы аталған қатерлерге психологиялық тұрғыда қарсы әрекет етудің барабар жүйесін құруы тиіс. «Біз осы жұмыстағы 2 негізгі бағытты кәріп отырмыз. Біріншісі: бұл осы экстремистік және террористік ұйымдардың жетекшілеріне, белсенді мүшелеріне психологиялық ықпал ету әдісіне қатысты. Екіншісі де алдын алу бағы-ты. Экстремистер қолданатындай адамдардың санасына теріс психологиялық әсер етіп қана қоймай, жағымды әсер етуге де болатын нейролингвистикалық бағдарламалау бар»².

ПМ-нің деректері бойынша экстремистер мен террористерді тартумен психологиялық тәсілдерді меңгерген, арнайы дайындалған адамдар айналысады.

Егер біздің еліміз туралы айтатын болсақ, онда негіз болатын орындар үнемі мешіттер, медреселер болып табылады. Кәштеген адамдар әмірлерінде проблемалар, қиын жағдайлар туындағанда ғана құдайға және дінге бет бұрады. Бұл мекемелерде рекрутерлер осы адамдар-мен жұмыс жасайды, олармен әңгімелесіп, оларға кәңіл бәледі. Бірқатар жағдайларда оларға материалдық көмек кәрсетуі де мүмкін. Олар адамға бұл қайғысында ол жалғыз емес екенін және оған көмектесе алатын адамдар бар екенін барынша түсіндіріп бағады. Адам оларға тартылған соң олар өз идеологиясын жеткізе бастайды.

Психологтардың деректері бойынша адамдардың 40—60 %-ы сырттан болатын ықпалға оңай берілгіш болады.

Осыған қатысты дагестандық дәрігер-психолог Каиль Арбулиев: «Исламская акида» ваххабиттік кітабы өте жеңіл оқылады, бірақ оның ерекшелігі бар. Әдеттегі діни сөздерден бас-қа, діннің тазалығы үшін күресу қажеттілігі туралы ой үнемі кедеседі. Идеяны осылайша жеткізу адамның санасына терең енеді, бұл әсер гипнозға өте ұқсас болып келеді. Мәскеуде біліктілікті арттыру курстарында болғанда және тәжірибелі психологтармен кеңесе отырып, мен осындай әдістер психологияның нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ) сияқты бағытында қолданылатынын білдім. Үгіттеуші ваххабиттар АҚШ-та құрылған НЛБ техника-сын қолданысқа алды. Олар өз кітаптарын басқан кезде ерекше сөздерді қолданады, оларды қалың шрифтпен, курсивпен немесе өзге де мәтін түсімен бәліп кәрсетеді, бұл адамның са-насында бекітіледі. Мұндай техника «тәсілді бекіту» деп аталады», — дейді^{4, 65}.

Діни экстремистік ұйым әкілдерінің адамдарды идеологиялық «әңдеу» әдістерін талдау кәрсеткендей, олардың негізінде нейролингвистикалық бағдарламалау принциптері жатыр:

1. Арнайы дайындалған адамдар күрделі проблемалары бар адамдарды (әміріне, әзінің қоғамдағы орнына, отбасындағы қарым-қатынастарға, жұмысына және т. б. кәңілі толмайтын) іздестіреді. Негізінен бұл адамдар басындағы мәселелерін шешу үмітімен келетін мешіттерде жүргізіледі. Сонымен қатар, мұндай іздестіру ұйым мүшелерінің тармақталған желілері арқылы кәршілер, қызметтестер, таныстар және т. б. арасында жүргізіледі.

2. Олар өзгенің қайғысына бей-жай қарамайтын, жанашыр адамдар кейпімен олармен байланыс орнатады; адам өз проблемасында жалғыз емес екені және осындай ортақ қайғы-мен біріккен адамдар бар екені туралы барынша пікір қалыптастырады. Бұл ретте олар про-блемасы бар адамды мұқият тыңдайды, оған кеңес береді, кейде болмашы

материалдық көмек көрсетеді, бұл олардың сенімін нығайтып, нақты қорғаныста екеніне сенім тудырады.

3. Осыдан кейін сол бір жағдайларды жиі қайталап айту арқылы үміткерді идеологиялық «әңдеу» кезеңі басталады⁴.

Психологиялық әсерді бекіту үшін мистикалық рәсімдер, үміткерлерді есінен айыру күйіне енгізу үшін гипноздық әсер ету («зикр»), оның ішінде олардың жаппай жүретін орында-рында (мешіт, медресе, жиналыс және т. б.) жиі қолданылады. Сәйтіп, адамдардың санасында біртіндеп аса күшті психологиялық ынта және нақты бел-гіленген идеяға мықтап «байлану» (әзінше «кодтау») туындайды.

Анвар Бакиров әзінің «НЛП-технологии: разговорный гипноз» кітабында атап өткендей, сөзбен гипноз жасау жөніндегі мамандардың көпшілігі иландыруға тиімді қарсы тұрудың жалғыз тәсілі — бұл сұхбаттастың неі және не үшін жасап жатқанын ұғыну деген ортақ пікірді ұстанады. Яғни олардың техникаларын ұғынып, оларды сезіне білу⁵.

Осыған байланысты алдын алуды жандандыру мақсатында ПО-ның және басқа да құқық қорғау органдарының, жедел бөліністердің ғана емес, тергеу бөліністерінің де, сондай-ақ жергілікті полиция қызметкерлерінің аталған бағыттар бойынша дайындығын күшейту қажет.

Біздің азаматтарымызды, діни экстремистік ұйымдардың идеологиялық әңдеуіне аса бейім адамдарды алдағы уақытта қорғау мақсатында олардың сөз күшіне иммунитеттерін шынықтыру керек.

1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013—2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» 2013 жылғы 24 қыркүйектегі Жарлығы // <http://www.akorda.kz>

2 Бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары бойынша // <http://www.zakon.kz>

3 Спасенников Б. А., Цатуров А. В. О совершенствовании оперативно-разыскных мероприятий в среде лиц, отбывающих наказание за преступления экстремистского характера // Оперативник (сыщик). — 2015. — № 4(45).

4 Нургалиев Б. М., Лакбаев К. С. Ваххабизм как идеология религиозного экстремизма: истоки возникновения и тенденции развития в Казахстане: Метод. пос. — Караганда, 2010.

5 Бакиров А. НЛП-технологии: Разговорный гипноз. — М., 2013.